8.07.2020 ж. №16 Ғылыми кеңес отырысы

Төрайым – ректор С. Сагинтаева
Ғылыми хатшы – доцент А. Бегимбетова

ҚАТЫСҚАНДАР: Ғылыми кеңестің 25 мүшесінен 33 (келу парағы қоса берілді) қатысты.

КҮН ТӘРТІБІ:

1.	"Аспап жасау" мамандығы бойынша қайта қалпына келген студенттің дипломдық жұмысының тақырыбын мен жетекшісін бекіту. Баяндаушы - "Электроника және робототехника" кафедрасының меңгерушісі Т.О. Чигамбаев
2.	"Қазақстанның уран кен орындарын игерудің инновациялық технологиясы"тақырыбындағы Е.С. Орынғожиннің және басқалардың монографиясын жариялауға ұсыным туралы. Баяндаушы – ҒКД директоры Д.Ж. Джексенбинов

1. ТЫҢДАЛДЫ: "Аспап жасау" мамандығы бойынша қайта қалпына келген студенттердің дипломдық жұмыстарының тақырыптары мен жетекшілерін бекіту” мәселесі бойынша «Электроника және робототехника" кафедрасының меңгерушісі Т.О. Чигамбаев (қызметтік жазба қоса беріледі).

АЭжБУ Ғылыми кеңесі кафедрасының меңгерушісі Т.О. Чигамбаевтын ақпаратын тыңдап және талқылап,

ҚАУЛЫ ЕТТІ: "Аспап жасау" мамандығы бойынша келесі студенттің дипломдық жұмысының тақырыбын мен жетекшісін бекіту:

№	Аты-жөні	Дипломдық жұмыстың тақырыбы	Жетекшісі
1	Сагинтаев	Өсімдіктің өсуіне арналған сенсорлық	т.ғ.к., доцент,

	Темирлан Ерланович	бақылау жүйесі. Система контроля роста растении с использованием датчиков. Monitoring system of the plant growth using sensors.	Чигамбаев Темырбай Отарбаевич

ҚАУЛЫ бірауыздан қабылданды.

2. ТЫҢДАЛДЫ: "Қазақстанның уран кен орындарын игерудің инновациялық технологиясы"тақырыбындағы Е.С. Орынғожиннің және басқалардың монографиясын жариялауға ұсыным туралы" мәселесі бойынша ҒКД директоры Д.Ж. Джексенбинов (қызметтік жазба қоса беріледі).

Джексенбинов Д.Ж.: "Қазақстанның уран кен орындарын игерудің инновациялық технологиясы" тақырыбында дайындалған монография Қазақстанның гидрогенді уран кен орындарының инновациялық технологиясын игерудің өзекті және практикалық проблемасына арналған. Қазақстанның үлгілі уран кеніштерін құру үшін гидрогенді уран кен орындарын игерудің инновациялық технологиясын әзірлеу қажет және өзекті. Қазақстанның гидрогенді уран кен орындарын өндірудің инновациялық технологиясы нарықтық экономика талаптарына жауап береді: жоғары Еңбек өнімділігі, өнімнің өзіндік құнының төмендігі, үлкен көлемде күрделі салымды талап етпейді, бәсекеге қабілетті технология. Бұл кітапта Қазақстанның уран кен орындарының тау-кен-геологиялық сипаттамалары, уранның гидрогенді кен орындарын өндіру мен пайдаланудың қолданыстағы технологиясын сыни талдау баяндалады. Жауапты редактор т.ғ.д., проф., ҚР ҰИА академигі Битимбаев М.Ж., рецензенттер т.ғ.д. Метакса Г.П. және т.ғ.д. Абдугалиева Г.Ю.

АЭжБУ Ғылыми кеңесі ҒКД директоры Д.Ж. Джексенбиновтың ақпаратын тыңдап және талқылап,

ҚАУЛЫ ЕТТІ: "Қазақстанның уран кен орындарын игерудің инновациялық технологиясы" ғылыми монографиясын орыс тілінде жариялауға ұсыну, авторлары: Орынгожин Е.С., Жангалиева М.Ж., Алишева Ж.Н., Орынгожа Е.Е.; көлемі 18 баспа табақ.

ҚАУЛЫ бірауыздан қабылданды.

Төрайым **С. Сагинтаева**

Ғылыми хатшы **А. Бегимбетова**